**Tenda N3 микробағдарламасына арналған «Үйдегі Интернет» сервисін баптау нұсқаулығы.**



Баптау үшін Mozilla Firefox немесе Google Chrome ғаламтор веб шолғышы қажет болады. Веб шолғыштың мекенжайлық жолында 192.168.0.1 енгізіңіз, бұдан кейін Сіз бастапқы бетке өтесіз.

Жалғастыру үшін **Қосымша орнату** пунктін таңдаңыз**.**



**Ғаламторға қосылуды баптау**

Ғаламтор желісіне қосылу параметрлерін баптау үшін **«Қосымша орнату> WAN орнату»** бетіне өтіңіз

**L2TP** - қосылу режимін таңдаңыз

Қосылуға арналған сервердің **l2tp.internet.beeline.kz** мекенжайын көрсетіңіз

Қосылу үшін провайдер берген **Логин** (001... немесе 099... басталады) және **Құпия сөзді** енгізіңіз.

**«Нақтылау»** батырмасы басып, баптауларды сақтаңыз.




*Қосылғаннан кейін **IP-мекенжай**, **кіші желі маскасы** және **Шлюз** өрістері автоматты түрде тағайындалады. Егер олай болмаса, құрылғыны электжуйеден сөндіріп, қайта қосыңыз. Құрылғыны **«Жүйе инструменттері > Маршрутизаторды қайта іске қосу»** мәзірі арқылы сөндіріп, қайта қосуға болады

### Құпия сөзді орнату

Құрылғының баптауларына қосылуға құпия сөзді орнату үшін **«Жүйе инструменттері > Құпия сөзді түзету»** бетіне кіру қажет**.**



## Сымсыз желі параметрлерін баптау

Сіз **«Сымсыз желіні орнату > Негізгі орнатулар»** бетінде сымсыз желінің негізгі параметрлерін түзетуіңіз мүмкін:

**Сымсыз функцияны қосу** – Сымсыз желі қолжетімділігін ажыратуға мүмкіндік береді (сымсыз режимді сөндіру үшін белгісін шешіңіз).

**Primary SSID** – Сымсыз желінің атауы. Сіз атаған желінің атауы қосылу кезінде қолжетімді сымсыз желілер тізімінде шығады.

**SSID радио хабарларын тарату** – Осы параметрді сөндіріп, сымсыз желінің атауын жасыруға болады. Мұндай желіге қосылған кезде, атауды қолмен көрсету қажет.

**AP Isolation** – Пайдаланушыларға жергілікті желі қолжетімділігіне шектеу қоюға мүмкіндік береді. (Ғаламторға ғана қолжетімділік беріледі).

**«Нақтылау»** батырмасын басып, баптауларды сақтаңыз.



## Сымсыз желінің қауіпсіздігін баптау

Үнсіз келісім бойынша сымсыз желіге құпия сөзсіз қосылуға болады! Шифрлауды орнату үшін **«Сымсыз желіні орнату > Қауіпсіздік»** бетіне өтіңіз.

Қорғаныстың барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етуді қаласаңыз, WPA2-PSK **қауіпсіздік режимін** таңдаңыз.

Бұдан әрі желіге қосылу үшін **Құпия сөзді** белгілеу қажет (Құпия сөз 8-ден кем емес және 65 артық емес белгілерді қамтуы тиіс).




**«Нақтылау»** батырмасын таңдап баптауларды сақтаңыз. Осымен құрылғыны баптау аяқталды!